



«БЕКІТЕМІН»

«Казмұра облысы әкімдігінің
тепсаңық зақтау басқармасы

Б.Усенбаев
2024 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің деңсаулық сактау басқармасы Жуалы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыйбайлас жемкорлықка карсы комилаенс қызметін ұйымдастыру жөніндегі

ЕРЕЖЕСІ

1-тарау. Жалпы ережелер

I. «Жамбыл облысы әкімдігінің деңсаулық сактау басқармасы Жуалы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу күкіндеги мемлекеттік криминалдық кәсіпорнында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабынаң 3-тармагына сойкес, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл Агенттігінің (сыбайлас жемкорлыққа қарсы қызметтін) төрағасының 2023 жылғы 31 наурызда бекіткен «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ережені» басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемкорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірінгай тәсілін калыптастыру мақсатында ЖАОА сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс қызметтің жүзеге асыратын осы Ереже әзірленді.

2. Осы Ережеде мынандай үгымдар колданылады:

1) сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен онын қызметкерлерінің Қазакстан Республикасының сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-қымыл жоніндегі заннамасын сактауын камтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық күкүк бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қактығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген адамдардың, оларға тенестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамаудына және (немесе) тиісінше орындамаудына алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауда ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган – Қазакстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын калыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алууды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумактық бөлімшелері.

3. «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сактау басқармасы Жуалы аудандық орталық ауруханасы» ШЖК МҚК негізгі міндеттері осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазакстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамасын сактаудың қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын жауапты тұлға айқындалады.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді **ЖААОА басшысы** кабылдайды.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өз өкілеттерін **ЖААОА** басшылығына қарамастан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазакстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамасы талаптарының сакталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық колдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган және оның аумактық бөлімшелері көрсетеді.

7. Егер Занмен, сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Үлгілік ережеде көзделмеген сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенсті үйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдер **ЖАОА** басшысы бекітеді.

2-тарау. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

1. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл туралы Заңына (бұдан әрі – сыйбайлас жемқолыққа қарсы заңнама) және осы Ережеге сәйкес **ЖАОА** сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплеанс-қызметтің жауапты тұлғасы жүзеге асырады.

2. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер жұмысының негізгі мақсатты: **ЖАОА** және оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемкорлыққа қарсы заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

3. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемкорлық құқық бұзушылыктарды ескеरту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сакталуын қамтамасыз ету;

5) Занга сәйкес, сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттарының сакталуын қамтамасыз ету;

4. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплеансті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) **ЖАОА** басшылығының сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

2) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуселсіздігі;

- 4) сыйбайлас жемкорлықка карсы комплаенс-қызметінің ақпараттық ашықтығы;
- 5) сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенст-қызметін жүзеге асырудың үздікіздігі;
- 6) сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенст-қызметін жетілдіру;
- 7) сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметінің функцияларын жүзеге асыратын мамандардың күзыреттерін үнемі арттыру.

5. Сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметтің функциялары:

- 1) келесі күжаттардың әзірленуін камтамасыз етеді;
квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимылның ішкі саясаты;
квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мұдделер қақтығысын аңыттау мен реттеудің ішкі саясаты;
сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл туралы заннамаға сәйкес сыйбайлас жемкорлыққа карсы заннамаға сәйкес сыйбайлас жемкорлыққа карсы стандарты;
сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл мәселері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкердерінің сыйбайлас жемкорлыққа карсы заннаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін күжат;
корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін күжат;
- 2) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемкорлыққа карсы саясаттың тиімділігіне катысты ақпарат жинауды, өндеуді, корытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 3) «Сыйбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік кагидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандагы №12 бүйрығымен бекітілген сыйбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік кагидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14441) сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемкорлық тәуелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;
- 4) сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органнын және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор

субъектісінің кызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сырткы талдауға қатысады;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде аныкталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және олардың митигациялау және жою бойынша кабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісінің кызметкердері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту сеинарларын ұйымдастырады;

8) квазимемлекеттік сектор субъектісі кызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс кимыл саясатын және корпоративтік әдел пен мінез күлық мәселелерін сактауын бақылауды камтамасыз етеді;

9) квазимемлекеттік сектор субъектісінің ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдел нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениеттің қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың Занда белгіленген каржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауын камтамасыз етеді;

11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мұдделер кактығысын, онын ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісін жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процесстер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы отініштер (шагымдар) негізінде кызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

16) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелері мен кызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыйлас жемкорлықка карсы іс-кимыл мәселелері бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелері мен кызметкерлерінің акпаратын тындайды;

19) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына аныкталған сыйлас жемкорлық тәуекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметін үйімдастырудын ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

20) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке асер етпейтін және мұddeлдер қақтығысының туындауына әкеп сокпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдел, орынды даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыйлас жемкорлықка карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органдар мен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-кимыл жасайды;

6. Сыйлас жемкорлықка карсы комплаенс-қызмет туралы тиісті бүйіркітын **ЖАОА** ресми интернет-ресурсында орналастырады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

7. **ЖАОА** сыйлас жемкорлықка карсы комплаенс-қызметі сыйлас жемкорлықка карсы заңнама нормаларының сакталуы бойынша бакылауды жүзере асыратын **ЖАОА** басшысына есеп береді.

8. Сыйлас жемкорлықка карсы комплаенс-қызметінің функционалдық міндеттемелерін, күкүктары мен жауапкершілігі оның лауазымдық нұсқаулығында айқындалады.

9. Сыйлас жемкорлықка карсы комплаенс-қызметтің атынан квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелеріне, сыйлас жемкорлықка карсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствога багынысты үйімдарға жіберілетін күжаттар мен сауалдарға сыйлас жемкорлықка карсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

10. Сыйлас жемкорлықка карсы комплаенс-қызметтің басшысы мен кызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік үйімдар откізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі көсіби біліктілігін арттыруы қажет.

11. Сыйлас жемкорлықка карсы комплаенс-қызметі өз қызметінің шенберінде:

1) кызметіне катастыры ЖАОА күрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және кызметтік қупияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) көрсетілген органдар болмagan жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына директорлар кеңесінін, байкау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасай алады;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыктар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс кимыл туралы заңнамасын бұзушылыктар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша кызметтік тексерулер жүргізе алады;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылары мен басқа да кызметкерлерінен кызметтік тергеу шенберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар өзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6).өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын өзірлеуге катасады;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісінің кызметкерлерінің квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі шараптардың тиімділігін арттыру жонінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

12. Өз кызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметі:

1) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялышығын сактайды;

2) сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Өдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе накты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялышығын қамтамасыз етеді;

3) ЖАОА басшысын сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уактылы хабардар етеді;

4) Қазақстан Республикасы сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-кимыл Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің назарына белгілі болған дайындалып жаткан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) Аурухананың белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және көсіби этиканы сактайды.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызметінің маманы сыйбайлас жемқорлыққа қары заңнаманы бұзудың орын алған немесе ықтимал мүмкіндігі туралы акпаратты хабарлай алатын, сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-кимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөніндегі сенім телефоны құрылсын және ол Орталықтың әлеуметтік желілерінде жариялансын.

14. Сыйбайлас жемқорлық комплаенс-қызметінің маманы мүдделер кактығысына (қаржылық, мүліктік, туыстық немесе өткізілетін іс-шара шенберінде қандай да бір өзге мүдделіліктің болуы) әкеп соктыруы мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) катыспауы керек.

15. **ЖАОА** басшысы сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызметінің жауапты тұлғасын лауазымға кабылданған күннен бастап жылдан кемінде 1 рет сыйбайлас жемқорлыққа қары заңнама талаптарына жүйелі оқытууды камтамасыз етуі керек.

16. Оқыту нысандарын өткізу әдістерін (дәрістер, семинарлар, тренингтер) Қазақстан Республикасы сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-кимыл Агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қары қызметтің) Жамбыл облысы бойынша департаментімен келісе отырып айқындаиды.

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызметке әдістемелік және акпараттық колдауды Қазақстан Республикасы сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-кимыл Агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қары қызметтің) Жамбыл облысы бойынша департаменті корсетеді.

З-тарау.

Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызметтердің есептілігі

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызметінің жауапты тұлғасы сыйбайлас жемқорлықтан алдын ала сактандыру жөнінде жургізген іс-шаралар бойынша есепті:

1) ай сайын **ЖАОА** басшысына баяндайды;

2) тоқсан сайын Қазақстан Республикасы сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-кимыл Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне жолдайды;

3) аткарылған шаралар акпаратын жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі айдын 10-күніне **ЖАОА** әлеуметтік желілеріне немесе ресми интернет-ресурсында орналастырады.

2. **ЖАОА** сыйбайлас жемқорлықтан алдын ала сактандыру бойынша жүргізіліп жаткан іс-шаралар туралы өзге де квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі өзінің әріптестеріне тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы тарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Занының 24-бабы I-тармагына сәйкес уәкілдегі мемлекеттік органдарга жүгінеді.

Жуалы аудандық орталық ауруханасының
комплаенс қызметінің офицері

А.Сейсенбаев